



**Негізгі мектепте оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыру
жолдары**

Сайдалиева Ирода

Сулейман Демирель Университеті

Педагогикалық және Гуманитарлық ғылымдар факультеті

Аңдатпа

Негізгі мектепте оқушылардың қызығушылығын ояту қаншама жылдар бойы педагогикадағы ең көп сұранысқа ие мәселелердің бірі болып келген. Бұл мақалада еліміздегі сол жеткіншек ұрпаққа білім берудегі оқытушылардың міндеті тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушының өмірге деген көзқарасын дамыту, жанжақты болуын қадағалау керектігі және оқушының әртарапты дамуында ата-ана мен оқытушының рөлінің маңыздылығы баяндалады. Сонымен бірге оқушы белсенді іс-әрекет негізінде білім алатыны және мұнда оның айналасындағы достарымен жарыса отырып оқуы тиімді екендігі айтылған. Сондай-ақ, баланың өз ойының болу керектігін, сонымен қатар баланың өзіндегі ішкі мотивациясын оятып, оқуға деген талпынысын күшейту өте маңызды екенін ұмытпауы керектігі айтылған. Және оқушылардың ,ең болмағанда, ай сайын өздеріне жасаған тірліктері туралы есеп беріп отырулары да пайдалы екенін ескеру баяндалған.

Түйін сөздер: негізгі мектеп, оқушы, қызығушылық, ішкі мотивация.

Негізгі мектепте оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыру жолдары

Біздің елімізде жеткіншек ұрпаққа міндетті жалпы орта білім беру жүйесі үш кезеңнен тұратыны белгілі. Ол, бастауыш мектепте білім беру. Мұнда, негізінен 6-9 немесе 7-10 жастағы балалар білім алады. Негізгі мектепте білім беру. Мұнда негізінен, 10-14 немесе 11-15 жастағы жеткіншектер білім алады. Жоғары мектепте білім беру. Мұнда негізінен 15-17 немесе 16-18 жігіттер мен қыздар білім алады.

Білім беру жүйесіндегі ең күрделі кезең біздің ойымызша, негізгі мектепте білім беру деп ойлаймыз. Неге? Алтыдан бастап он жастқа дейінгі бастауыш мектепте білім алушылар толық мағынасында балалар. Олар үлкеннің айтқанын қалтқысыз орындайды. Сол себепті, олар мұғалім не айтсада қолдарынан келгенше орындауға тырысады. Мұғалімді сыйлайды. Қысқасын айтқанда тәртіпті. Ал, жоғары сыныптар оқушылары, саналы жасқа келгендер. Олардың көпшілігі, өздеріне не қажет, не қажет емес екенін саналы түрде біледі, түсінеді. Көбінің алдарына қойған айқын жоспарлары бар және сол бағытта олар саналы түрде ЖОО-на дайындалады, спортпен айналысады, көркем өнерпаздар үйірмелеріне қатынасады, біреуге ұнауға тырысу үшін өздерін дұрыс ұстауға, жақсы киінуге ұмтылады және басқа дегендей ... Қысқасы, олардың бірнәрсеге қызығушылықтары оянғандар және сол нәрсеге өмірлік құндылық ретінде басымдық бергендер.

Мұнда, білім беру тұрғысынан алғанда, ең күрделі кезең ол негізгі мектеп оқушылары. Он мен он бес жастағы оқушылар үлкендер не айтса соған қалтқысыз сене қоймайды және олар өмірді әлі саналы түрде түсінбейді. Бала дейін десең бала емес, жеткіншек дейін десең жеткіншек емес. Бала дегенге кеш, жеткіншек дегенге ерте. Міне, дәл осы кезде оларға білім беру оңай емес. Сондықтан, мектептің дәл осы буынындағы оқушылардың оқуға, білім алуына, жалпы өмірге деген қызығушылықтарын ояту, жандандыру, жетілдіру, дамыту, жанжақтыландыру немесе экономикалық терминді қолдансақ әртараптандыру маңызды болуға тиісті мәселелердің бірі ғана емес бірегейі деп ойлаймыз. Бұл шаруаны кімдер жүзеге асыруға тиісті? Педагогтар мен ата аналар

(Цетлин, 1989). Жәнеде барлық ата аналардың жоғары білімі жоқ және барлық ата ананың рухани тұрғыдан, интеллект тұрғысынан деңгейі жоғары деп айта алмаймыз. Ал, мұғалімдердің, біріншіден негізінен бәрі жоғары білімді, екіншіден олардың көпшілігінің интеллектуалды тұрғыдан қарағанда деңгейлері жоғары. Демек, жоғарыда айтқанымыздай, негізгі мектеп оқушыларының оқуға, білім алуына, жалпы өмірге деген қызығушылықтарын ояту, жандандыру, жетілдіру, дамыту, жанжақтыландыру немесе экономикалық терминді қолдансақ «әртараптандыру» жұмысын негізінен мұғалімдер жүзеге асыру қажет деп есептейміз (Борисов, 1967).

Бұл жағдай, «Қане, балалар білім алуға қызығушылықтарыңды арттырыңдар!» деген ұранмен, тіпті ол ұранды әр сыныптағы тақтаның жоғары жағына жазып қойғанмен іс жүзіне асып кетпейді. (Ұранмен, қандайда жұмыс іске асып кетсе, ұран адамдарды саналы етіп жіберсе, қаптаған ұрандар әр көшеде ілулі тұратын Кеңес одағы құламас еді. Көп уақыт бойы ілулі тұрған тұжырымның әрі беріден соң адамға әсері жоққа тән болады немесе ол кері әсер етеді, әр түрлі мазақ, күлкілі жағдайларға анекдоттарға айналады деп ойлаймыз). Сонда, «Негізгі мектеп оқушыларының білім алуға деген құштарлығын арттыру үшін не істеу керек?» деген заңды сұрақ туындайды.

Біріншіден, негізгі мектепте сабақ жүргізетін әр мұғалім ойлану керек. Немесе, батыс философиясы тілімен айтсақ ойлану керек және ойлануды үйрену керек. Тіпті, ойлану жайлы ойлану керек. Яғни, адамның басының негізгі функциясы ойлану, еске сақтау емес. «Microsoft» компаниясының бас ғимаратының шекесінде, «Бас адамға еске сақтау үшін емес, ойлану үшін берілген. Ал, еске сақтау үшін компьютерлер шығарылған!» деген тұжырым жазулы түр дейді. Демек, әр мұғалім «Сынып оқушылары қандай?», «Әр оқушы қандай?», «Жалпы, сыныптың білім алуға қызығушылығын қалай оятамын, қалай дамытамын?», «Бұл бағытта қандай тәсілдер бар? Олардың қайсысын кімге және қалай қолдануға болады?» ... деген сияқты ондаған мүмкін жүздеген сұрақ жайлы ойлану керек (Бабанский, 1989).

Екіншіден, атам қазақ, «Жетектеген ит аңға жарамайды», «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» десе, батыс философиясы, «Үйрету мүмкін емес, тек үйрену ғана ықтимал», «Аш адамға балық берме, қармақ бер» дейді. Демек, жеткіншектің өз

бетімен білім алуын бірінші орынға қою керек. Және осы жағдайдың іске асуы үшін бірінші пункте айтқанымыздай ойлану керек (Подласый, 1999).

Үшіншіден, жалпы адамға үлкен өлшеммен алғанда қандай да істі жүзеге асыру үшін оған біріншіден белсенді іс әрекет керек, екіншіден бұл әрекет барысында адамның қателесуі деген болмай тұрмайтын жағдай екенін естен шығармау керек. Қалай болғанда да, ұлы неміс педагогы А.Дистервег айтпақшы, «Білім алу мен даму ешбір адамға сырттан беріле салмайды. Әр адам білім алу мен дамуға өз күшімен, өз еңбегімен, өз қиыншылықтарымен жете алады» (Подласый, 1999).

Демек, жеткіншек белсенді іс әрекет негізінде білім алады және осы әрекет барысында оның қателесуге құқы бар екендігіне мұғалім түсіністікпен қарау керек демекшіміз ...

Төртіншіден, оқушы жалғыз өзі білім алғанға қарағанда қасындағы серіктерімен бірлесе, талқылай отырып, керек десеңіз дауласса отырып білім алғаны әлдеқайда тиімді. Мысалы, атыңыздың жүйріктігін бәйгеде сынайсыз. Ал, жалғыз ат құры өзі шапқанымен оны жүйрік, жүйрік емес деп айта алмайсыз. Жалпы, тірі жанның бәрі жарысуға құмар. Атпен жалғыз келе жатсаңыз атыңыздың жүрісі баяу болса бір топ атты қатар келе жатса әр ат қатардан қалмауға күш салады емес па? Бұл деген табиғи заңдылық. Адам да одан шет қала алмайды. Қазіргі кездегі топпен жұмыс деп жүргеніміз осы емес па! (Бударный, У.Д., Розенталь, А.А., 1966).

Бесіншіден, білімді өмірмен байланыстыру қажет. Батыста, «Мен» деген теория бар. Бір сөзбен айтқанда, ол «Маған керекті, пайдалы ғана маған қызық. Мен соны меңгеруім керек» деген тұжырымнан тұрады. Бұл түсінікті де. Мысалы адам дүкенге барғанда, «Мен мынандай зат немесе заттар аламын» деп барады да, дүкеннен сол затты іздейді, сұрайды және алады. Ал, басқа зат оны қызықтырмайды. Сол сияқты білім алуда да, егер оқушы бүгінгі алып жатқан білімі ертеңгі өміріне қажет болатынын неғұрлым жақсы сезінсе ол соғұрлым саналы да, жақсы да оқиды. Демек, мұғалім кез келген мүмкіндік туған жағдайды пайдаланып біріншіден, білімнің өмірде қолданылуы жайлы екіншіден, оқушыларға бүгінгі атқарып жүрген тірліктерінің яғни оқуларының ертеңгі күнгі азықтары екендігін айта бергеннен жалықпауы керек деп пайымдаймыз.

Алтыншыдан, біздің ойымызша әр сыныптағы тақтаның жоғары жағында әр түрлі формулалар, ұлағатты тұжырымдар немесе суреттер емес, Абай атамның ешқашан мәнін жоғалтпайтын мына тұжырымдарын жазып қою керек деп есептейміз. «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің». Бұл дегеніміз, батыстың тілімен айтқанда «РЕФЛЕКСИЯ». (Қайран, Абай атам өзінен кейін бір ғасырдан астам уақыттан соң, өзінің данышпан тұжырымын батыс ғалымдары, басқа сөзбен тұжырымдап, әлемге жаңалық ретінде айтатынын білді ма екен! Қайран Абай атам, өз заманыңда осындай ұлы тұжырымдарыңды ұқпаған ұрпағыңды, ал бүгінгі, оқыдық, тоқыдық деген ұрпағыңның әлі СІЗДІҢ пайымдауларыңызды толық ұқпағандығына, әлем алдында, СІЗДІҢ осындай данышпандығыңызды таныта алмағанына кешірман қарай ма екенсіз). Демек, біз әрбіреуіміз өзімізге өзіміз есеп беріп үйренуіміз қажет. Және, бұл жағдай неғұрлым ерте басталса соғұрлым пайдалы болмақ демекшіміз ...

Қорыта, оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыру, арттыру үшін осындай шараларды мұғалім қауымы қолға алса дұрыс болар еді деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

Бабанский, Ю. (1972). *Вопросы предупреждения неуспеваемости школьников*. Ростов-на-Дону.

Борисов, П. (1967). *О дидактических причинах второгодничества в школах, пути их преодоления*.

Бударный У.Д., Розенталь А.А. (1966). *Об одной из возможностей преодоления второгодничества*. Москва: Советская педагогика.

Подласый, И. (1999). *Педагогика. Книга 1: Общие основы. Процесс обучения*. Москва: Гуманитарный издательский центр Владос.

Цетлин, В. (1989). *Неуспеваемость школьников и ее предупреждение*. Москва.